

Бекітемін: *Түркі*
 Бастауыш сыныптар оқу ісін орындағанды: Л.М.Нуралдина

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Сынып: 0 а


Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеге жасалды: 03.03-07.03.25ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.03	Сейсенбі 04.02	Сәрсенбі 05.02	Бейсенбі 06.02	Жұма 07.03
Балаларды қабылдау	Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында наурыз «Енбеккерлік және кәсіби біліктілік» айы. ҚР Әңіранын айту. Күй күмбірін тыңдау. Жеке қауіпсіздік «ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР» (АШЫҚ ҚУДЫҚТАР, ҚАҢЫРАП ҚАЛҒАН ГИМАРАТТАР, СЕПТИКТЕР, ҚҰРЫЛЫС АЛАҒДАРЫ, ГАРАЖДАР) https://youtu.be/oCPrp_7Rb_rao?si=9T65-ouQesiEBGSc https://orken-instituty.kz/ru/telefon-y-goryachih-linij «Алғыс айту күні» әңгімелесу. Мақсаты: балаларды жанашыр, ризашылық білдіретін және қайырымды болуға шақыру.	Психогимнастика «Көктемгі көңіл-күй» Мақсаты: эмоционалды зарядты, бір-біріне мейірімді қатынасты дамыту. «Сағаттар» артикуляциялық гимнастикасы Мақсаты: артикуляциялық аппаратты, зейінді, ырғақ сезімін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Жылулық сыйла» Мақсаты: қарым-қатынас қиындықтарын жеңу. Саусақ гимнастикасы «Құлып» Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. «Кеме» ойын жаттығуы Мақсаты: есту зейінін дамыту, психоэмоционалды шиеленісті жеңілдету	«Жақсы көңіл-күй» Мақсаты: балаларда керемет көңіл-күй қалыптастыру. Саусақ гимнастикасы «Қыздар мен ұлдар достасады» Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөйлеуді дамыту. «Көңілді биші» ойын жаттығуы Мақсаты: кемпіркөксак түсі туралы білімді бекіту	«Сәлеметсің бе, күні!» «Мен мектепке барар жолда не көрдім» топтық қарым-қатынас Мақсаты: табиғаттағы, ауа-райындағы өзгеріс туралы білімді бекіту. Ойын жаттығуы «Мүкнят кара» Көркем сөз: Көктем күні әдемі, Жерде гүлдер өскенде. Көктем күні әдемі, Жерде шөптер өскенде. Көктем күні шуақты, Гүлдер, шөптер қуатты. Құстар ұя салады, Барлық бала қуанды. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі 15мин Егер олар агрессивті ойындар ойнаса, балалармен не болатыны туралы әңгімелесу. «Спорт және бала» тақырыбындағы жеке әңгімелер	Өнегелі 15мин. Мазмұнды іс-әрекетті қамтамасыз ету. Баланың бастамасымен пайда болатын ойынды ынталандыру	«Өнегелі 15 минут» Алдағы күнге жақсы көңіл күй сыйлау. Іс-әрекетті таңдауға көмектесу	«Өнегелі 15 минут» Балаларға қолайлы жағдай жасау. Алдағы қызметке ынталандыру	«Өнегелі 15 минут» Баланың көңіл күйі, оның қызығушылықтары туралы әңгіме.
Балалардың дербес әрекеті	«Барлығы үйге қайтатын» дидактикалық ойын	«Ұшады, жүгіреді, жүзеді...» дидактикалық ойын	«Ізде және тап» дидактикалық ойын	«Алдымен не? Содан кейін не болады?» дидактикалық	«Таны және ата» дидактикалық ойыны

<p>(кимылдық, ұлттық, сюжеттірелдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Мақсаты: зейінді, реакция жылдамдығын жақсарту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Орнына тұр» кимылды ойын Мақсаты: заттардың орналасуын табу дағдысын бекіту: алдыңғы, артқы, сол, оң, алдыңғы, артында. (Дене тәрбиесі + математика) «Үй салу» ойыны Мақсаты: әртүрлі мөлшердегі үйлерді құрастыру қабілетін дамыту; осы үйдің көлеміне сәйкес келетін есік, терезе, шатыр тандау. (Құрастыру + математика)</p>	<p>Мақсаты: жәндік, аңдар, құстардың қозғалу тәсілдері туралы білімді жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Сонша кимыл жаса» кимылды ойын Мақсаты: белгілі бір қозғалыстарды көбейту қабілетін жетілдіру. (Дене тәрбиесі + математика) «Қай ғимарат қирады?» ойын Мақсаты: зейін, логикалық ойлау, геометриялық фигураны тану және атау дағдыларын бекіту. (Құрастыру + математика)</p>	<p>Мақсаты: жылдың жекелеген мезгілдеріне тән белгіні ажырата білу қабілетін бекіту; зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Жұбын тап» кимылды ойын Мақсаты: жіктеу және сұрыптау дағдысын бекіту, қол-көзді үйлестіру, қол моторикасы, ойлау дағдысы. (Дене тәрбиесі + математика) «Үлгі шеберханасы» ойыны Мақсаты: балалардың геометриялық пішін туралы білімін бекіту; геометриялық фигура мен затты жағдайға сәйкес орналастыру (Құрастыру + математика)</p>	<p>ойын Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгеріс реттілігі туралы білімді бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + математика) «Қалай өмір сүресің?» кимылды ойын Мақсаты: балалардың кимылды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу қабілетін, ойлау дағдысын, кимылды үйлестіруді бекіту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту) «Бақытты арал» ойыны Мақсаты: қиялды дамыту, командада жұмыс істей білу; геометриялық фигура атауын бекіту (Құрастыру + математика)</p>	<p>Мақсаты: тапсырмаға сәйкес суретті тез табу қабілетін дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + математика) «Қайтарма» кимылды ойын Мақсаты: физикалық қасиетті, ұжымшылдықты, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту. (Дене тәрбиесі + қоршаған әлеммен танысу) «Таяқшадан құрастыр» ойыны Мақсаты: геометриялық фигура туралы білімді бекіту; балалардың логикалық ойлауын дамыту. (Құрастыру + математика)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жаттығулар кешені</p>	<p>Жаттығулар кешені</p>	<p>Жаттығулар кешені</p>	<p>Жаттығулар кешені</p>	<p>Жаттығулар кешені</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Шеберлер қаласы» дидактикалық ойыны Мақсаты: білімді бекіту Қазақстанның мамандықтары мен қалалары туралы. Қазақ және ағылшын тілдерінде сөздерді қолдану</p>	<p>Дидактикалық ойын «Жұмыста кімге не керек?» Мақсаты: жұмысқа қажетті құралдар туралы білімдерін бекіту; қазақ тіліндегі сөздерді қолдану</p>	<p>Ойын жаттығуы «Кім не істейді?» Мақсаты: адамдардың қызметі, олардың еңбегінің қажеттілігі туралы білімдерін бекіту; кәсіптерді қазақ және ағылшын тілдерінде атау</p>	<p>Ойын жаттығуы «Ата-аналар кім болып жұмыс істейді?» Мақсаты: ата-ананың кәсіптерін, олардың функцияларын білу; қазақ және ағылшын тілдерінде атау</p>	<p>Ойын жаттығуы «қандай мамандық тандау керек?» Мақсаты: әртүрлі кәсіптің жағымды және жағымсыз жағын көруге үйрету; талдай білу және қорытынды жасай білу. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну Тақырыбы: Біз не білеміз? «Артығын тап» ойыны. Кесе, тәрелке, қазан, қасық,</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Сөйлемдердегі сөздерді зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау; жай сөйлемдерді сөздерге бөлу Тақырыбы: Үйренгендерімізді қайталаймыз</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану Тақырыбы: Менің анам</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Берілген сөзге сөйлем құрастыру. Қолды жазуға дайындау</p>

<p>асық. (асық) Жылқы, қой, козы, түйе, бие, шие. (шие) Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) Пияз, кияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім) Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе) Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер» Тәрбиеші дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда, көк түсті текшені көтереді. Ойын: «Сөз тізбегі» Тәрбиеші балаларға допты беріп сөз айтады, бала сөз аталған дыбыстан басталатын сөз бір сөз айтып допты келесі балаға береді. Ойынға барлық бала қатысыды. Сөздің басын дағы және соңындағы дыбыс тарды мұқият тындау, дұрыс айту ескертіледі. Мысалы: <i>алша-алмұрт-тарақ-қант-тау-уық-қалам-ма-лақ-қазан-нағашы-ыдыс-сағыз зәкір-рауғаш-шар-радио-ожау-уыс-сәбіз, Зарина-алқа-аю.</i> «Дыбысты тап» дидактикалық ойыны. Қоңыз сөзінде дауысты «о» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. Қозы сөзінде дауысты «ы» дыбысы нешінші</p>	<p>Тақырыбы: Бағдаршам Бағдаршамда неше көз болады? Түстері қандай? Сендер жолда келе жатқанда, бағдаршамның көзіне қарайсыңдар ма? Қай түс жанғанда жолдан өтесіңдер? Ойын жағдаяты Балалар, жол тәртібін реттеуші бағдаршам сендерге хат жазып кетіпті. Бәріміз бірге ашып көрейік. Қарандаршы, хат біреу ғана емес, бірнешеу екен. Ашып оқуға дайынбыз ба? Дидактикалық ойын: «Қандай белгі екенін тап» Шарты: жол белгілерін ажырата білуге үйрету. Күнделікті өмірден алған білімін өз бетінше қолдануға тәрбиелеу. Тәрбиеші балаларға белгілерді көрсетеді, балалар қандай белгі екенін айтады. Мысалы: тоқта, дайындал, жүруге болады, жаяу жүргіншілерге арналған жолақ. Екінші хатта тапсырма бар екен. Менің үш көзім қандай дыбыстардан басталып тұр? Ол дауысты дыбыстар ма, әлде дауыссыз дыбыстар ма? Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейді? Бағдаршамның үш түсін қолданып сөйлемдер құра. Мысалы: Айгүл қызыл көйлегін киді. Енді үшінші хатты ашып көрейік.</p>	<p>«Не қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны. Жылқы ... (кісінейді). Сныр ... (мөңірейді). Ит ... (үреді). Мысық ... (мияулайды). Әтеш ... (шақырады). «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Тәрбиеші дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда, көк түсті текшені көтереді. «Кәне, тауып көр» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге сөз, буын, дыбыстарды айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Тәрбиеші алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді. Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ор-, ка-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жана, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-, іс-, -діз. «Дұрыс санды таңда»</p>	<p>Өлең жолдарын мәнерлеп оқып беру. Өлең кім туралы? (Ана туралы) Ана! Бұл сөз жер бетіндегі барлық халықта бар. Ол – ең жақсы сөз. Барлығымыздың да анамыз бар. Ендеше, өз аналарыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құрандар. Қосымша сұрақтар қояды: Ананның аты кім? Анаңды сипатта. Ол қандай адам? Анаңды не үшін жақсы көресің? Анаң сенің қандай істеріне қатты ренжиді? Ал қандай істеріне, керісінше, қатты қуанады? Сен анаңды жиі қуантасың ба? Үй шаруасында анаң қандай көмек бересің? Анаң кім болып істейді? Мақал-мәтелмен таныстыру. Ананның сүті – бал, Баланың тілі – бал Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта Менің анам (қандай?) ... Анамның көзі ... Анамның сырғасы ... Үлестірмелі материалмен жұмыс. Әшекейлерді ата. Қайсысы қайда тағылады? Қай әшекейді анаң</p>	<p>Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік? Қарама-қарсы сөзді тап ойыны. Қалың – ... (жұқа) Суық – ... (ыстық) Тәтті – ... (ащы) Қисық – ... (түзу) Ұзын – ... (қысқа) «Кім зейінді?» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші балаларға әртүрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді. «Сөздің бірінші дыбысын айт» дидактикалық ойыны – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Тәрбиеші балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейінекінісі командамен ойнайды. Мысалы: <i>өшіргіш(ө), әтеш(ә), ательсин(а), оқтау(о), ұя(ұ), ыдыс(ы), уық(у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е), элеватор(ә), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), т.б.</i> «Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы. Тәрбиеші сағат, асық, қас сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, с</p>
---	---	--	---	--

<p>буында естіліп тұр. Қоразсөзінде «а»дауысты дыбысы нешінші буында естіліп тұр. Тауық сөзінде «а»дыбысы нешінші буында естіліп тұр. «Сөздің бірінші дыбысын айт» дидактикалық ойыны (Тәрбиеші суреттер көрсетеді). Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Тәрбиеші балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейінекіінші командамен ойнайды. Мысалы: ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешкі(е), элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ү), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.</p> <p>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар? Дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымыш (ш), тима (т), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (ц), күре к(к), трактор (т),</p>	<p>Бағдаршам туралы әңгімені жалғастыр. Аулада ойнап жүрген кішкентай балалар көшенің келесі бетіне ойнауға барғысы келді. Бірақ жолдан өту олар үшін қиын еді. Жолда көліктер тынымсыз жүріп жатты. Жол жиегінде күтіп тұрған балалар мезі болып кетті. Марат айтты: Ол жаққа бармай-ақ осында ойнасақ кайтеді, мұнда да қызық қой. Самат айтты: Жоқ, барамыз, мұнда жалығып кеттім. Сол кезде қастарына ұзын бойлы біреу келді. Марат пен Самат таңырқап қарап қалды да: Сіз кімсіз? – деп сұрады. Мен – бағдаршаммын ... Әңгімені ары қарай жалғастыр. Сөздік жұмысы: мезі, жиегінде, тынымсыз. Қызыл көзі жанғанда, Сынық сүйем баспа алға. Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға. Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін жасқанба. Дидактикалық ойын: «Қызыл, жасыл, сары» Музыка әуенімен балалар қызыл түс көрсетілгенде тоқтайды, сары түс көрсетілгенде екі жаққа қисаяды, жасыл түс көрсетілгенде алға қозғалады. Үлестірмелі материалмен жұмыс Әр суреттегі бағдаршамның қажетті түсін боя.</p>	<p>дидактикалық ойыны Тәрбиеші балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді, ал олар суретте неше буын болса, сонша сан жазылған карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп – допсөзінде 1 буын, 1 саны жазылған карточканы көрсету керек. «Сөйлем құрай аламын» дидактикалық ойыны <i>Көрнекілігі:</i> «Мектеп», «Жазғы орманда» «Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер. Тәрбиеші балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем келе жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем мектепке келе жатыр. Жұмыс дәптерімен жұмыс Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос. Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.</p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Тақырыбы: Таңғажайып табиғат Балалар, бәріміз қолдарымыздан ұстап, бір-бірімізбен достықты қолдайтынымызды білдірейік. Өлең жолдарын бірге қайталайық. Достығымыз берік боп, Бекітейік беріп қол.</p>	<p>сыйлар едін? Сол әшекейді боя.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту Тақырыбы: Мен не білемін және не істей аламын? Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым ойнауға шақырады. «Қандай цифр (фигура) жойылды» дидактикалық ойыны. Таныс цифрлардан сандық қатар түзіледі. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуды сұрайды («түн» шартты дабыл белгісін айтады), осы уақытта бір цифрды алып тастайды. Содан кейін балалар көзін ашып, қай цифр жоғалғанын атайды. Ойын фигуралармен қайталады. «Артық, кем, тең» ойыны. Ол үшін ойыншықтар немесе санау материалдарының топтарын орналастырады және қай жерде артық, кем немесе тең екенін салыстыруды сұрайды. Балалар мұны санау негізінде де, элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы арқылы да жасайды. Тақтаға геометриялық фигуралардан құралған</p>	<p>дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер орта сында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты бояйды. «Орамал тастамақ» дидактикалық ойыны Ойын шарты: Тәрбиеші дыбысты айтып, балаға орамал лақтырады. Бала сөз ойлап тауып, қайта Тәрбиешіге лақтыруы керек. Жұмыс дәптерімен жұмыс Суреттерді ата. Дыбыстық сызбаны тиісті суретпен сәйкестендір. Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді  -пен сызып қос. Суреттерді ата. Сызбадан [т] дыбысының орнын анықта. Көк түспен боя. Жұмыс дәптерімен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>) Үзік сызықтарды үзбей бастыр, боя. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.</p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкер</p>
--	---	--	---	---

<p>сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), фабрика (ф), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.</p> <p>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар?</p> <p>Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер.</p> <p>Дұрыс. Өйткені ауыз қуысынан келдергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.</p> <p>«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Тәрбиеші сөйлемді бастайды, ал балалар аяқтайды. Мысалы:</p> <p>Асхат танертең ... (бақшаға барды).</p> <p>Анамның ертең ... (туған күні).</p> <p>Маржан кеше ... (ерте тұрды).</p> <p>Балалар қатты ... (қуанды).</p> <p>Ерланның иті ... (қабаған).</p> <p>Менің сінлім ... (мысықты жақсы көреді).</p> <p>Әкем көп ... (жұмыс жасайды).</p> <p>Достарым мені ... (сыйлайды).</p> <p>Әжем бауырсақ ... (ісірді).</p> <p>Бізге кешігуге (болмайды).</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>Сурет бойынша қандай тыйым сөздерді айтуға болады?</p> <p>Сызбаға қарап, бірнеше сөйлем құра. Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Дауысты дыбыстан басталса, торкөзді қызылтүспен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен боя.</p>	<p>2. Математика негіздері</p> <p>Міндеттері: Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білу</p> <p>Тақырыбы: Заттардың ұзындығы, ені, жуандығы бойынша салыстыру</p> <p>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым «Керісінше ата» дидактикалық ойыны.</p> <p>Тәрбиеші сөздерді атайды, ал балалар сол сөзге антоним айтады: ұзын (қысқа), жоғары (төмен), тар (кең), жұқа (қалың), алыс – жақын, биік – аласа және т.б. Ойынды тағы бір рет қайталап ойнауға болады, бірақ бұл ойында балалар шартты түрде әр аталған сөзді қимылмен, ым-ишарамен көрсетеді.</p> <p>«Белбеуді ал» ойындық жағдаяты. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Оларға 3-4 жұмсақ ойыншық тар беріледі. Ұзындығы мен ені әртүрлі бірнеше таспалар таратылады. Балалар белдіктерді тандайды, сөйлеуде «ұзын – қысқа» сөздерін қолданады. Белдіктерді беттестіру мен қабаттастыру арқылы салыстырады.</p> <p>«Қандай фигура жоғалды» дидактикалық ойыны. Таныс фигуралар қатары (4-5 дана). Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуды сұрайды («түн» шартты дабыл белгісін айтады), осы уақытта бір</p>	<p>Қуанышты шеңберде, Қандай жақсы қол берген.</p> <p>Бүгін біз «Таңғажайып табиғат» атты интеллектуалды ойын ойнаймыз.</p> <p>Сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беріп жарысамыз.</p> <p>Оң қанаттағылар «Алғырлар» тобы, сол қанаттағылар «Тапқырлар» тобы болады.</p> <p>Әр топтың дұрыс жауабы бір жұлдызбен бағаланады.</p> <p>Ойын бес бөлімнен тұрады.</p> <p>Сәлемдесу.</p> <p>Мен бастаймын, сен аяқта. Ойланып, аяқта.</p> <p>Ойлан, тап!</p> <p>Кім байқағыш?</p> <p>Екі топ сәлемдесеміз.</p> <p>Бірінші: «Сәлемдесу» – екі топ бір-бірімен сәлемдеседі.</p> <p>Екінші: «Мен бастаймын, сен аяқта» – балалар суреттерді қимылмен көрсетеді.</p> <p>Үшінші: «Ойланып, аяқта» ойынындасәйкес сурет пен сөзді сызып қосады.</p> <p>Төртінші: «Ойлан, тап!» – жұмбақты шешеді.</p> <p>Бесінші: «Кім байқағыш?» – екі суреттің айырмашылығын табады. Сөздік жұмысы: <i>алғыр</i> – зерек, зерделі <i>тапқыр</i> – тез тауып айту</p> <p>1. Екі топтың сәлемдесуі.</p> <p>«Алғырлар» тобы:</p> <p>Табиғат – біздің анамыз, Табиғатқа баламыз.</p> <p>«Тапқырлар» тобы:</p>	<p>ағаштардың суреті ілінеді. Тәрбиешінің үстелінде – көлемді фигуралардан жасалған құрылыстар тұрады.</p> <p>Геометриялық фигуралар елінде ағаштар да ерекше пішінге ие болады. – Қандай фигураларды көріп тұрсындар? Атаңдар. Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Суреттерге кара. Бұрын не болғанын, кейін не болғанын анықта. Цифрмен сызып қос.</p> <p>Тәрбиеші кез-келген суретті көрсетеді (мысалы, жарық жұмыртқа) және былай дейді: «Бұрын не болды? Кейін не болады? «Осылайша, балалар сөйлеуде «бұрын, кейін, қазір» сөздерін қолданады, жақын оқиғаларды анықтайды.</p> <p>2-тапсырма. Тіктөртбұрыш тарға нүктенің суретін аяқтап сал. Тиісті цифрмен сызып қос. Ортақ қорапқа 4 көк дөңгелек салынды (жетіспейтін біреуін саламын) және үш жасыл түсті. Суретті аяқтайды. Барлығы 7 дөңгелек болады. 7 цифры белгіленеді.</p> <p>3-тапсырма. Әр жыл мезгіліне сәйкес ағашты таңда. Оларды сызып қос. Балалар жыл мезгілдерін</p>	<p>дің көңіл-күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру</p> <p>Тақырыбы: Құттықтаймын анашым</p> <p>Бала, бала, бала деп, Түнде шошып ояңған. Түн ұйқысын төрт бөліп, Түнде бесік таянған. Бұл өмірде ең қымбат адам кім? Ана сөзін естігенде қандай сезім пайда болады? – Көктемнің ең алғашқы мейрамы – аналар мерекесі. Кез-келген адамның әдептілігі мен сұлулығы ақ сүтін беріп, әлпештеп есірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Ананың нәзік үні, жұмсақ, аялы алақанының жылуы ұмытылмайды. Ананы барынша құрметтеп, сыйлау – әр баланың парызы.</p> <p>Бүгін ақын Несіпбек Айтовтың «Құттықтаймын, анашым!» өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді. Өлең мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>:</p> <p>Өлең авторы кім? Өлең кімге арналған? Ақ сүт берген кім? Ананды мейрамымен қалай құттықтадың? Сен анаң қандай сөздер айтар едің? Сөздік жұмысы: <i>еркелеткен</i> – айналып-толғанған, <i>бат тілмен</i> – жылы сөздермен</p>
---	--	---	--	---

<p>2. Математика негіздері Міндеттері: Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту</p> <p>Тақырыбы: Кең-тар, жуан-жінішке, қалың-жұқа</p> <p>Ойындық жағдаят: Әлия мен Сырым ойнауға шақырады. «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны.</p> <p>Тәрбиешінің үстелінде бірнеше заттар бар. Тәрбиеші заттардың орналасуын есте сақтауды және көзді жұмуды сұрайды.</p> <p>Балалар заттардың бір-біріне қатысты қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көздерін жұмады, осы уақытта Тәрбиеші бір, екі затты ауыстырады. Көздерін ашып, балалар болған өзгерістер туралы, заттар бұрын тұрған және қазір қайда болғандығы туралы айтады. Тәрбиеші балаларды заттардың бір-біріне орналасуын білдіретін сөздерді қолдануға шақырады, мысалы, қоян мысықтың сол жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр.</p> <p>Практикалық жұмыс.</p> <p>Тәрбиеші балаларға жүгінеді: сіздің табактарыңызда көк және қызыл қағаз кесінділері бар. Жасыл кесінді-шартты өлшеуіш. Кесінділердің қайсысы жалпақ екенін тәжірибе жасап дәлелде. Балаларға шартты өлшеуіш</p>	<p>фигура алып тастайды. Содан кейін балалар фигураларды қарап және жетіспейтін фигураны атайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Әр жұптан жінішке затты белгіле.</p> <p>Ермексаздан жуан және жінішке баялды жаса.</p> <p>Тапсырманы жуан және жінішке көгөністерді жасау мен жалғастыруға болады. Бір табакқа қалың, ал екіншісіне жұқа көгөністерді сал.</p> <p>2-тапсырма. Жінішке қарындаштарды қораппен, жуан қарындаштарды стаканмен сызып қос. Боя.</p> <p>3-тапсырма. Тар төсекке жастықтың суретін сал. Тар төсекті жұқа кітаппен, ал кең төсекті қалың кітаппен сызып қос.</p> <p>4-тапсырма. Штрихтауды банттың түсіне сәйкесорында. Үшінші қорапты өз қалауың бойынша штрихта.</p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту</p> <p>Тақырыбы: Үй жануарлары</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.</p> <p>–Сәлеметсіздер ме?! <i>Үйтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.</i></p>	<p>Табиғатты қорғайтын, Біз әдепті баламыз.</p> <p>Үлестірмелі материалмен жұмыс</p> <p>2. Мен бастаймын, сен аяқта</p> <p>Әр топқа жануарлардың суреті беріледі. Балалар жануарды қимылмен көрсетеді.</p> <p>3. Ойлан, аяқта.</p> <p>Ат шабады, мысық ... <i>(миулайды)</i> Қарға ұшады, балық ... <i>(жүзеді)</i></p> <p>Қой маңырайды, қасқыр ... <i>(ұлиды)</i></p> <p>Ит үреді, сиыр ... <i>(мөңірейді)</i></p> <p>Достар тату-тәттіміз, Болса қолда тәттіміз, Біз бөлісіп жатамыз, Бәріміздәм татамыз.</p> <p>Ойлан, тап!</p> <p>Бұрап қойған сағаттай, Қысы-жазы бір түсте. <i>(Шырша)</i></p> <p>Жазда қыдырады, Қыста тынығады. <i>(Аю)</i></p> <p>Үйінді қорғайды, Үйге бірақ қонбайды. <i>(Ит)</i></p> <p>Кім байқағыш? Екі суреттің арасында қанша айырмашылық бар? Сонша дөңгелек сал.</p> <p>Айқайлайды таң атпай. <i>(Әтеу)</i></p> <p>Тікен-тікен тік пісте,</p> <p>3. Шығармашылық іс-әрекет Міндеттері: Құрастыру: Пішіндердің түрлі</p>	<p>атайды. Тәрбиеші кез келген маусымнан бастап жүйелеп атауды сұрайды. Оларды сызып қосады.</p> <p>4-тапсырма. Баспалдақты таяқшалардың ұзындығына және түсіне сәйкес боя. Өзіндік жұмыс.</p> <p>Балалар баспалдақты таяқшалардың ұзындығына және түсіне сәйкес бояйды.</p> <p>«Фигураны ата» ойыны.</p> <p>Тәрбиеші балаларға белгілі геометриялық фигура ларды тақтаға бекітеді, олардың пішіні, түсі мен өлшемі (сандар бойынша) әртүрлі болады. Балалар оларды атайды. Тәрбиеші фигура туралы атауын атамай сипаттама беретінін хабарлайды. Балалар сипаттаманы тыңдап, оның қандай фигура екенін тауып, оның нөмірін айтады. Алдымен бір немесе екі белгілері айтылады, (оның ішіне 2-3 фигура ілігуі мүмкін – мысалы, түсі мен өлшемі бойынша), содан кейін нақтылау сол фигураға қатысты белгілері сипатталады (нақты бір фигура үшін, мысалы, шаршы).</p> <p>5-тапсырма. Шыршаны «безендір». Ойыншықтар таңда. Сызып қос.</p>	<p><i>Тіл ұстарту жаттығуы:</i> На-на-на – қандай сұлу ана Жаксы менің анашым, Еркелеткен баласын. Өзін жаксы көремін, Құшақтап сүйе беремін. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суретте қандай мереке бейнеленген? Ананды қалай құттықтайсың? Ана не сыйлауға болады? Белгіле. Гүл шоғының суретін аяқтап сал. Боя. Есінде сақта. Ана – дүнидегі ең әдемі сөз. Тәрбиеші шырақ жағады. Қане, бәріміз шыраққа алақанымызды тосайық. Не сезіндіңдер? <i>(Жылуды)</i> –Аналар осы шырақ сияқты, жан-жағына жылулық беріп, сәулесін шашады.</p> <p>3. Қоршаған әлеммен танысу Міндеттері: Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау</p> <p>Тақырыбы: Ұлттық ойындар</p> <p>Есік қағылып, мұңайған түрде Ер Төстік кіреді (қуыршақ). Амандасып, өзін таныстырады. Ер Төстік: Мен сендерге «Телефония» деген елден келдім. Ол елде барлық балалар телефонмен ойын ойнайды, қозғалмайды, жүгірмейді, көздері қыпқызыл, асқа тәбеттері жоқ, ауыра береді, мен жалғып кеттім, жүгіріп ойнаған,</p>
---	---	---	--	--

<p>ретінде Lego ойыншық бөлшектерін немесе қағаз кесінділерін таратады. Кесінділерде осындай өлшемдердің қаншасын бар екенін санауды сұрайды. Балалар шартты өлшеуішпен кесінділердің енін өлшейді. Қай кесінді жалпақ? Неліктен қызыл кесінді жалпақтау? Қызыл кесінді қанша шартты өлшеуішке тең? Көк кесінді қанша шартты өлшеуішке тең? Қорығанды жаса, қызыл кесінді көкке қарағанда жалпақтау немесе басқаша айтуға болады, көк кесінді қызылға қарағанда тар. Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Тар заттарды белгіле. Жуан заттарды белгіле. Балалар тапсырманы өз бетінше орындайды, кейін тексеріледі.</p> <p>2-тапсырма. Сырым қоршауды жөндеп, оны бояғысы келді. Қажет тақтайшаны белгіле. Жалпаққылауышты белгіле.</p> <p>3-тапсырма. Гүлдердің сабақтары аяқтап сал. Биіктігі бірдей гүлдерді қоршап сыз.</p> <p>4-тапсырма. Биік шыршаны қою жасыл түспен, ал аласа шыршаны ашық жасыл түспен штрихта.</p> <p>«Керісінше ата» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші сөздерді атайды, ал балалар сол сөзге антоним айтады: ұзын (қысқа), жоғары (төмен), тар (кең), жұқа (қалың), алыс – жақын, биік – аласа және т.б.</p>	<p>Балалар бұл ненің даусы? Мәтін оқу. <i>«Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шапаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады».</i> Мәтінде қандай таныс сөздер бар? Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. Үй жануарларының пайдасы қандай? Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? Адамдар қойға, түйеге, сиырга, ешкіге, жылқыға шөп, су береді. Жаңа сөздермен танысу. Үй жануарларының төлдері бар. Демонстрациялық материалдар және кима материалмен жұмыс. Мынау – құлын. Мынау не? Мынау – құлын. Құлын кішкентай. Құлын қандай? Құлын кішкентай.</p>	<p>қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p>Сурет салу: Суретті кара пайым қаламның көмегімен жеңіл ырақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, Мүсіндеу: заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p> <p>Жапсыру: заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, Тақырыбы: Қайыңдағы құстың ұясы Сұлтан Қалиұлының «Жыл құстары келгенде» өлеңінен үзінді оқу. Жыл құстары көктемде Шаршап бізге жеткенде, Құшақ жая қарсы алсақ, Ұя жасап, ән салсақ, Бір ганибет емес пе? Тәрбиеші құстардың суретін көрсете отырып сұрақтар қояды: Көктемде құстар қай жақтан ұшып келеді? Ұшып келген құстарға қандай қамқорлық көрсетеміз? Қандай құстарды білеміз? Бүгін сендермен бірге осы құстарға ұя жасап</p>	<p>6-тапсырма. Қандай фигура жетіспейді? Жалғастырып сал.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p> <p>Тақырыбы: Екі лақ ертегісі Сәлеметсіздер ме?! Сендер ертегіні ұнатасыздар ма? Біз сендерге «Екі лақ» ертегісін сыйлыққа әкелдік.</p> <p>Балалар, ертегіні тыңдап қана қоймаймыз, ертегі кейіпкерлерінің ролінде өзіміз сахналап көреміз.</p> <p><i>Ұлтаспадан ертегіні тыңдаймыз. Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап».</i></p> <p>Ертегі не туралы? Ертегіде неше лақ? Ертегідегі лақтарды сипатта. (Ақ лақ және Қара лақ). Ақ лақ пен кара лақ нелерге жолығады? (Түлкіге, қасқырға) Түлкіден екі лақ қалай құтылады? (Қырдың астында қасқыр күтіп отыр). Қасқырдан екі лақ қалай құтылады? (Арыстан күтіп отыр). Қойшы ата Ақ лаққа не деді? Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p>	<p>күлген дауыстарды естіп, осында келдім.</p> <p>Балалар, күні бойы телефонға үніліп отыру денсаулыққа өте зиян. Ер Төстік, біздің балалар мектепке келгеннен үйге қайтқанға дейін жүгіреді, секіреді, ойын ойнайды, тәрбие мен білім алады, бізде өте көңілді. Онда маған да қимылдап ойнайтын ойын үйретесіңдер ме, мен еліме барып, балаларға үйретейін.</p> <p>1-сурет. Ұлттық ойындар – ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның адам денсаулығын жақсарту тәсілі пайдасы зор екені белгілі. Ұлттық ойындардың ерекшеліктері қандай? Ер Төстік (қуанып кетеді): – Мен санамақ білемін! Он қолымда бес саусақ, Барлығы болды он саусақ. Сол қолымда бес саусақ. Барлығыда әп-әйбат, Екеуін қосып санап ем, Бейне бір он бауырсақ. Жарайсың, Ер Төстік! Біздің балалар да біледі (балалар санамақ айтып жарысады).</p> <p>2-сурет. Қазақтың ұлттық ойындарының түрі өте көп. Слайдтан асық, арқан, жылқы, тақия, тенге суреттері шығады. Балалар суреттердегі заттарға қарап, қандай ұлттық ойындарға</p>
---	---	--	---	---

<p>3. Қоршаған әлеммен танысу Міндеттері: Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау Такырыбы: Жаяу жүргіншілер ережелері Жұмбақ жасыру. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» – дейді. Бағдаршам. «Бағдаршам» ойыны тақтамен жұмыс: Балалар қандай жол белгілерін білетіндерін айтады, Олар: автокөлікке арналған жаяу өтпе жол белгісі, жерасты жаяу жүргіншілер жол белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. Жол белгілерінің айырмашылықтарын атаңдар. Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген. Балалар жол жиегінде доп ойнап жүрген сурет арқылы жол жиегінде ойнауға болмайтындығын, жолдан бағдаршам арқылы, егер бағдаршам болмаған жағдайда «Жаяу жүргінші өтетін жер» белгісін тауып, сол жерден өту керектігін айтады. Бағдаршамда неше түс бар? Бағдаршамның үш түсі бар. Сары түс жанғанда қозғалысты бастай беруге бола ма? Қызыл түс нені білдіреді? Жасыл ше? Жаз мезгіліндегі, қыс мезгілін</p>	<p>Мынау – бұзау. Мынау не? Мынау – бұзау. Бұзау кішкентай. Бұзау қандай? Бұзау кішкентай. Мынау – қошақан. Мынау не? Мынау – қошақан. Қошақан кішкентай. Қошақан қандай? Қошақан кішкентай. Мынау – бота. Мынау не? Мынау – бота. Мынау – лак. Мынау не? Мынау – лак. Лак кішкентай. Лак қандай? Лак кішкентай. Балалар жана сөздерді қайталайды. Тәрбиеші сөздерде ұ дыбысының дұрыс айтылуына назар аударады. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұ- құлын-құлын – құлын Ұ-ұ-ұ-ұ – бұзау – бұзау – бұзау Үй жануарларын қалай шақыратыны туралы айтылады, балалар айтып жаттығады. Қойды «пұшайт-пұшайт», – деп шақырады. Жылқы-құрау-құрау Сиыр – аухау-аухау Ешкі – шөре-шөре Түйе – көс-көс Дидактикалық ойын: «Нені шақырдым?» Тәрбиеші үй жануарларын шақырады,</p>	<p>жапсырамыз. Үлестірмелі материалдар Жапсырудың жолдары мен техникасын түсіндіреді. Үлестірмелі материалдағы сюжетті суретке мұқият карап, қоңыр түсті ұя бөліктерін қиямыз. Қағазды екіге бүктеп кию және шаршы шеттерін кию арқылы дөңгелек пішіндерді қиып алу әдістерімен ұяның бөліктерін қиып аламыз. Енді дайын болған ұя бөліктерін жапсырамыз. Құстар дем алуда. Құстар ұшады. Құстар жем шоқиды, Құстар ұясына қонады. Құстар – біздің досымыз Такырыбында әңгіме құрастыру 4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Аркан бойымен бір қырымен, қосалқы қадам мен жүру, аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру Такырыбы: Ойна, ойна, доптан айырылып қалма. Негізгі қимылдар. Спорттық жаттығулар. Қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ойын жаттығуы: «Допты тауып көр!». Допты өздері таңдайды. Өртүрлі доптардың ішінен волейбол, футбол, баскетбол доптарын көзді жұмып тауып алады. Бұл доптардың басқа доптардан</p>	<p>Қ-қ-қ-қ – лақ-лақ-лақ, Ақ лақ. Қ-қ-қ-қ – лақ-лақ-лақ-Қара лақ. Балалар ертегіні сахналайды. Санамақ арқылы қасқыр, түлкі және лақтардың рөлдері бөлінеді. Балалар калпақтарды киіледі. Автордың сөзін Тәрбиеші айтады. Тәрбиеші: <i>Ақ лақ пен қара лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді.</i> Қара лақ: Сен Ақ Лаксың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры адастырдың. Тәрбиеші: <i>Ақ лақ әрі ойланып, бері ойланып, жүрген жерлерін еске түсіреді де жүгіре жөнеледі, алдарынан түлкі шыға келеді.</i> Түлкі: Әдемі лақтар, менің үйіме қонақ болып кетіңдер. Ақ лақ: Түлкі, бізді Қасқыр қонаққа шақырды. Бізбен бірге жүр. Тәрбиеші: <i>Түлкі лақтарға еріп жүреді, алдарынан ақырып Қасқыр шыға келгенде Түлкі қашып кетеді.</i> Қасқыр: Р-р-р, менің қарным аш, сендерді жеп қоям!</p>	<p>қатысы барын табады. «Асық ату», «Арқан тартыс», «Бәйге», «Такия тастамақ», «Тенге алу» Балалар ойын мазмұнын естеріне түсіреді Ойын ойнағым келіп тұр, – Ер Төстік. Ойын түрлері өте көп болғандықтан, қандай ойын ойнайтыны мызды мына текшенің саны арқылы табайық. Ер Төстік текшені тастайды. 3-сурет. «Қарамырза» ойыны ойын шарты түсіндіріледі 4-сурет. Өтештің шақырған дауысы естіледі. Ойын: «Жауынгер әтештер» Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Суретте нешінші цифрды қорша. Ер Төстікке барлық «Қарамырзамен» қалай амандасу керектігін үйрет. «Ассаламағалейкүм, бірінші Қарамырза!» деп баста. Суретте қандай ұлттық ойындар бейнеленген? Ата. 4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру Такырыбы: Футбол ойнаймыз. «Футбол» презентациясы, ойын ережелері мен қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді. Футболшыларға</p>
---	--	---	---	---

<p>дегі жолдардың айырма шылығы неде? Жазда жол құрғақ болады, қыста қар жауғандықтан тайғақ болуы мүмкін. Қай мезгілде мәшине тез тоқтап үлгіреді, қыста ма, жазда ма? Неге? – Жазда. Өйткені қыста жол тайғақ болады. Жаяу жүргіншілер жолы қалай аталады? Жаяу жол. Сөздік жұмыс: жаяу жол. «Жолдан өту» ойыны. Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны. Жағдаятты шешу: «Желаяк бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Желаяк допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Желаякқа ұрыса бастады, бірақ Желаяктанғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар Тәрбиеші мен бірге жол жағдайын тал дайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді. Желаяк содан кейін көшені кесіп өткісі келді, бірақ мәшинелардың тежегіш тері шикылдап, жүргізушілер Желаякқа айғайлай бастады. Олар неге айғайлады? Желаяк түсінбеді. Кәне, Желаякқа түсіндірейік. Балалар көшеден қалай дұрыс өту керектігін түсіндіреді. Тақтамен жұмыс: «Жаяу жүргінші ережелері» Жаяу жолдың шетіне тұруға болмайды. Көлікке арналған</p>	<p>балалар оны атап, ойыншықтарды көрсетеді. Жұмыс дәптермен жұмыс. Суретке қара. Аулада не бар? Енесі мен төлдерін жұптастыр. Суретке қара. Ата. Атауында «Ұ» дыбысы бар төлдердің суреттерін қызыл қарындашпен қорша. Доппен ойын: «Мен 5 үй жануарын білемін». Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру. Шарты: допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тындауға баулу Тақырыбы: Ана-өмір шырағы <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады. Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу. Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру. <i>Музыка тыңдау:</i> «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева).</p>	<p>өзгешелігін айтып береді. «Доптарды шеңберге қой!» ойын жаттығуы. Допты әртүрлі жүргізіп жүреді, жүгіреді. Бір-біріне қақтығыс пай шашырап жүреді, жүгіреді. «Допты шеңберге қой!» – дегенде доптарды құрсауларға тез әкеліп қояды. Допты қолына ұстап, әртүрлі жаттығуларды жүріп келе жатып орындау. Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. Допты аяқ басымен қысып жүреді. Залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Допты аяқ басымен қысып, залдың екінші жағына дейін секіріп барады. Допты түсірмеуге тырысады. Жерден шұғыл итеріліп секіргенде қолмен серпіп көмектеседі. Бірқалыпты тыныс алуға тырысады. «Шапшаң доп» (Баскетбол) Өлең жолдарына сәйкес қимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге соғып, қағып алады. Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. «Допты дәл беру» (Футбол) Футбол добын бір-біріне дөңгелене тұрып оң аяғы және сол аяғымен беру.</p>	<p>Ақ лақ: Қасеке, әнеки, ана төбенін басында, кара тастын қасында, бізді Арыстан күтіп отыр. Қара лақ: Бәээ, Арыстанды кара. Тәрбиеші: Қасқыр қатты саскалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады. Қасқыр: Бәлесінен аулақ. Бар жандарынның барында кетіндер, түге! Тәрбиеші: <i>Қасқыр қаша жөнеледі.</i> Ақ лақ, Қара лақ: Алақай!!! Тәрбиеші: <i>осылайша қорықтаған екі лақ, қырды асып өз үйлерін табады.</i> Жұмыс дәптермен жұмыс. Суреттер бойынша ертегіні ретімен әңгімеле. Суретке қарап, ата. Атауында «Қ» дыбысы бар жануарларды қорша. 4. Музыка Міндеттері: Өн айту. Өн айтуда дауыспен вокал дық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру Тақырыбы: Домбыра сазы Ұйымдастыру кезеңі Көңілді әуенмен музыка залына келіп, жеңіл әуенмен жүгіру, жай жүру. Негізгі кезең <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер).</p>	<p>қажетті адам қасиеті туралы, әйгілі ойыншылар, команда дағы қорғаушы, голкипер, қақпашы, шабуылшылардың міндеті жайлы ой қозғайды. Тренер рөлінде команда береді – алдымен бір-бірден қатарға тұрғызып, бір-екіге саналту. Сосын екі-екіден қайта сап құру. Тәрбиешінің командасымен сапқа тұру жаттығуларын орындайды. Ойын жаттығуы: «Әр нөмірді шақыру» Шақырылған нөмірлі ойыншылар ғана орындайды: «Артқа бұрыл!» командасы берілмейінше, бұрылмайды. Дұрыс дем алып, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады. Залдың ортасы арқылы тізбекке, екі тізбекке қайта сап түзейді. Екі тізбек ойыншылары бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Өз әрекетін жұптарындағы балалардың әрекетімен үйлестіреді. Жұпта орында латын жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау. Футболшылардың жұппен орындайтын жаттығу түрлері. Алдымен 1 бала екіншіге, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. Қимыл-қозғалыстарын бұрыннан орындап келе жатқан қимыл түрлерімен байланыстырады. Қолдары мен аяқтарының</p>
--	---	---	--	---

	<p>жолда ойнама. Жаяу жүргіншілер жолынан өтерде, телефонмен сөйлеспе. Жаяу жолмен жүргенде, оң жақ бетті ұстан. Жолды анықтап карап алмайынша, бұталар түбінен жүгіріп шығуға болмайды. Жолдан тек жаяу жүргіншілерге арналған жолдан, бағдаршамның жасыл түсіне өтуге болады.</p> <p>«Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны. Үлестірмелі материал дармен жұмыс: Желаяқты жол белгілерімен таныстыр. Бос торкөзге тиісті жол белгісін орналастыр. Сызықпен қос. Себебін түсіндір. Суретке кара. Қай баланың іс-әрекеті дұрыс? Қорша.</p> <p>4. Дене тәрбиесі</p> <p>Міндеттері: Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру Тақырыбы: Волейболшының жаттығуы.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Спорт түрлері»</p> <p>«Шыныққан адам шырайлы Қызығып бәрі карайды. Шынығуға спортты таңдап, Жаттықсаң, сол жарайды! Волейболшылардың ерекше жаттығуына шақыру. Спортшылар сапка тұрады. Тізбекке, қатарға қайта сап құрады. Бір-бірден қолдарын әртүрлі ұстап, тізені жоғары көтеріп, тізбекке сапка тұру. Үздіксіз баяу 2 минут жүгіру. Қолдары мен аяқтарының</p>	<p>Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.</p> <p>Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?</p> <p>Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар?</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p><i>Ән айту:</i> «Анашым» (Е. Хасанғалиев).</p> <p>Тәрбиеші әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар? Әннің көңіл күйі қандай? Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру. «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. <i>Билер:</i> «Кііз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады. Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап, Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған кимылды көрсетеді. Таяқшаны</p>		<p>Бір бала ортаға шығып, түрлі кимылдарды көрсетіп тұрады, балалар айнаның көрсеткен кимылдарын музыкаға ілесіп жасайды.</p> <p><i>Музыка тыңдау:</i> «Келіншек» халық күйі (өңдеген Б. Дәлденбай). Балаларға күй мағынасын түсіндіру.</p> <p>Өленге қоспай-ақ әуенмен түрлі оқиғаларды сурет теуге болатынын түсіндіру. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны көрсету.</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p><i>Ән айту:</i> «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев).</p> <p>Елдің жырын жырлаған, Қайғысын да толғаған, Домбырасыз ешқашан Жүрекке ем қонбаған, – деп халқымыз қасиет тұтқан аспап туралы әнді И. Нүсіпбаев ағамыз жазған. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді асықпай, мәнеріне келтіріп орындау керек.</p> <p>«Анашым» (Е. Хасанғалиев) әнінің сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. <i>Билер:</i> «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).</p>	<p>кимылдарын үйлестіреді: «Қорғаушылар» (6 рет).</p> <p>Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру. Аяқ тың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. Допты басыммен итеріп, еңбектеп қозғалу. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады.</p> <p>«Шабуылшылар» Допты 2,5 м қашықтыққа әртүрлі тәсілмен апару – оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен. Аяқ басының ішкі жағымен сергек кимылдап, алдыға қарай, жұбына дейін алып бару. Тәрбиешінің команда сымен допты алдымен бір аяқпен, сосын екінші аяқпен, сосын екі аяқпен бірге жүргізеді. Допты алысқа жібермей, доптың артынан үлгеруге тырысады. Доптың бағытын жоғалтпайды.</p> <p>«Қақпашылар» (4 рет).</p> <p>«Артпен карап, аяқтарының арасында допты қысып отыру» – бастапқы қалпынан допты лақтырады. 1- ойын шыға допты лақтырады. 1- ойыншы шапшаң орнынан атып тұрып, допты қағып алады. Барлық кимылдарында</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>кимылын үйлестіріп, баяу жүгірісті орындайды. Жүгіруден кейін тыныс алуды калыпқа келтіреді. Тыныс алу жаттығулары «Шұғылданып спортпенен, Тез үлкейіп өсеміз!» – аяқ ұшына көтерілу, қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту. «Күнде-күнде өсеміз! Сағат санап өсеміз!» – қолдарын төмен түсіріп, табанын толық басу – демін сыртқа шығару. Негізгі қимыл қозғалыстар Ойын жаттығулары: «Допты жұпта ұстап қал», «Ғажайып фигура» – ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. Ойын-тренинг: «Өзінді тында».</p>	<p>жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді. Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады. Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді. «Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану. <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Күншуақ» (Е. Құсайынов).</p>		<p>Би өте көңілді, жеңіл, ойнақы биленеді. <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Қос дабыл» (А. Райымқұлова). Екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников).</p>	<p>шапшандыққа тырысады. Ойын жаттығулары «Епті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап қалу. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді. Эмоционалдық ахуал тудыру жаттығуы: «Қошемет».</p>
Серуенге дайындық	<p>Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту. Бекіткішті бекітеміз Сенің киімінде: Түймелер мен қалталар, Әр түрлі тойтармалар.</p>	<p>Балалардың өз бетінше дене шынықтырумен айналысуына жағдай жасау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p>	<p>Балаларды жүруге ынталандыру; серуендеу үшін ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу.</p>	<p>Балаларды дәйекті киіндіру (ауа райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін қадағалау (сөйлеу, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>	<p>Таза ауадағы жүріс-тұрыс ережелерін қайталау Киіну ретін пысықтау</p>

Серуен	<p>(Сөйлеуді дамыту)</p> <p>Құстарды бақылау Максаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерді бекіту және нақтылау, оларды сыртқы белгілері бойынша ажырата білу; қазақ тілінде атауға үйрету. Еңбек қызметі: құстарды азықтандыру және астауды тазалау. «Жұптық жүгіру» кимылды ойыны Максаты: өз іс-әрекеттерін ойын серіктестерінің іс-әрекеттерімен үйлестіру қабілетін дамыту</p>	<p>Эксперимент Серуенге екі банка су алып шығу. Біреуін қарға көміп, екіншісін қарға қойыңыз. Қай құмырада су тезірек катады? Максаты: логиканы, ойлауды, қорытынды жасау қабілетін дамыту. Қорытынды. Ауада су тезірек қатып қалады. Еңбек қызметі: қардан жолдарды сыпыру. «Қардың қасиетін айт» дидактикалық ойыны Максаты: сөздікті белсендіру, сын есім сөздерді таңдай білу. «Құстардың ұшуы» кимылды ойыны Максаты: бір-біріне соқтығыспай, алаңның қарама-қарсы жағына жүгіру қабілетін бекіту; ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту</p>	<p>Қардағы іздерді бақылау Максаты: қардағы адамның, құстардың, машинаның іздерін ажырата білуге үйрету; байқау, есте сақтау қабілетін дамыту. Еңбек қызметі: ғимараттар үшін қар жинау «Сипатта, біз табамыз» дидактикалық ойыны Максаты: құстарды сыртқы белгілері бойынша сипаттауға үйрету; қазақ тілінде атау. «Ізбен тап» эстафетасы Максаты: кеңістіктегі бағдарды бекіту; зейінді дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар: шелектер, күрек</p>	<p>Аула тазалағыш жұмысын бақылау Максаты: ересектердің жұмысы туралы түсінікті кеңейту; құралдар туралы білімді бекіту; адамға құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Еңбек қызметі: ғимараттан қарды сыпыру Дидактикалық ойын «Ұқсас – ұқсас емес». Максаты: заттарды жалпы белгісі бойынша топтастыруға үйрету: материал, түс, қолданылуы, түрі. «Шанамен жарыс» кимылды ойыны Максаты: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін бекіту (шанада отыру, аяқпен итеру, ішпен жату, қолмен итеру). Шығарылатын материалмен ойындар: шана, мұзшана</p>	<p>Ауа-райын бақылау Әңгіме «Орманда аңдар қалай өмір сүреді?», «Қыстағы қоян», «Қоян қорқақ па?», «Қоянның құлағы неге ұзын?» Максаты: қыста жануарлардың табиғатқа бейімделу белгілерін анықтау және түсіну. Еңбек қызметі. Дидактикалық ойын «Не өзгерді?» Максаты: қоршаған табиғаттың сұлулығын, маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету. «Түлкі мен қоян» кимылды ойыны Максаты: алға жылжумен екі аяқпен секіру, сигнал бойынша әрекет ету. Шығарылатын материалмен ойындар</p>
Серуеннен оралу	<p>Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу</p>	<p>Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу</p>	<p>Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу</p>	<p>Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу</p>	<p>Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу</p>

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>«Мектеп» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: мектеп туралы білімдерін нақтылау, қандай сабақтар бар, мұғалім не үйретеді; мектепте оқуға деген құштарлықты, мұғалімнің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; сөздік қорын кеңейту: «мектеп керек-жарақтары», «портфель», «қарындаш», «қорап», «оқушы» және т.б.; қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөз қолдану. Дидактикалық ойын «Жұмысқа кімге не керек?» Мақсаты: мамандыққа арналған құралдармен сурет таңдай білу; қазақ және ағылшын тілдерінде сөз қолдану</p>	<p>«Кітапханада» сюжетті-рөлдік ойын Мақсаты: балалардың ой-өрісін кеңейту; кітапханашы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кітапқа ұқыпты қарау; балалардың сөздік қорын кеңейту: «кітапханашы», «оқу залы»; қазақ және ағылшын тілдерінде сәлемдесу және қоштасу сөздерін қолдану. «Ферма» үстел үсті ойыны Мақсаты: ойын сюжетін дамытуға, ғимараттар салуға үйрету; үй жануарларының атауларын қазақ және ағылшын тілдерінде бекіту</p>	<p>«Супермаркет» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: ойын сюжетін дамытуға үйрету; қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы білімдерін бекіту; сәлемдесу, қоштасу, сыпайы өтініш, қазақ және ағылшын тілдеріндегі заттардың атауларын қолдану. Домино «Техника» Мақсаты: ойлауды, жазықтықта бағдарлауды дамыту; көлік туралы білімді бекіту; көлікті қазақ және ағылшын тілдерінде атау</p>	<p>«Ателье» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: ательеде, тігін фабрикаларында ересектердің жұмысы туралы, сәнгер, пішуші, тігіншінің жұмысы туралы, ересектердің өз ісіне деген көзқарасын қалыптастыруды жалғастыру; ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға, киімді ұқыпты киюге тәрбиелеу; қиялын, киім үлгілерін салу қабілетін дамыту; киім түрлерін белгілеу үшін қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөздерді қолдану «Көлік» үстел үсті ойыны Мақсаты: ұжымда ойнау қабілетін дамыту, ойын ережелерін сақтау</p>	<p>«Олимпиада» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: әртүрлі спорт түрлерімен таныстыру, командалар арасында жарыс ұйымдастыра білу, спортпен шұғылдануға деген ұмтылысты қалыптастыру; әлемдік спорттық жарыстарға қызығушылықты дамыту; қазақ және ағылшын тілдерінде спорт түрлерін атау. «Біз мамандықта ойнаймыз» қуыршақ театры Мақсаты: шығармашылық қабілетті дамыту; мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру; қазақ және ағылшын тілдерінде сәлемдесу</p>
<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p>	<p>Қарым-қатынас дағдысы «Алдымен не, содан кейін не» дидактикалық ойыны Мақсаты: үйлесімді сөйлеуді дамыту; логикалық ойлау, шеберлікті қалыптастыру</p>	<p>Шығармашылық дағды, зерттеу қызметі «Қиып ал да желімде» ойын жаттығуы Мақсаты: қайшымен жұмыс істеудің техникалық әдістерінде жаттығу; қауіпсіздік ережелерін бекіту</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағды «ЖҚЕ сақтау және орындау» ойын жаттығуы Мақсаты: ЖҚЕ, жол белгілері, қоғамдық көліктегі мінез-құлық ережелері туралы білімді бекіту</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағды «Қанша, сонша» дидактикалық ойыны Мақсаты: берілген зат санын санау дағдысын бекіту</p>	<p>Қимыл дағдысы «Құрсауға түс» қимылды ойыны Мақсаты: дәлдікті, ептілікті дамыту</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>«Жол-көлік жарақатының себептері» әңгімесі</p>	<p>Балалардың жеке жетістіктері туралы әңгімелесу.</p>	<p>Жеке әңгімелер: «Бала және компьютер»,</p>	<p>«Бала дене қалпының бұзылуының алдын алу»</p>	<p>«Өмір гүлдері» акциясы (ата-аналарға арналған көлөнер). Мақсаты: балаларды қамқорлық пен</p>

Бастауыш сыныптар оқу ісін орындағандары Л.М. Нуралова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Сынып 0 а

Балалардың жасы 5 жас

Жоспар қай кезеге жасалды 11.03-14.03

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.03 демалыс	Сейсенбі 11.03	Сәрсенбі 12.03	Бейсенбі 13.03	Жұма 14.03
Балаларды қызықтыру		Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында наурыз «Тәуелсіздік және Отаншылдық» айы ҚР Әтурамын айту. Күй күйбірін тыңдау. Жеке кәуіпсіздік «ҮЙДЕГІ ҚАУІППІ ЗАТТАР» (ДӨРЛЕР, СҮЙІМДІКТАР, ГАЗ БАЛЛОНДАРЫ) https://youtu.be/topPwzQFOIE?si=3xslXpAbNDcb8zRp https://orken-instituty.kz/ru/telefon-goryachih-linij	Психогимнастика «Сәлем, таңғы күн!» Сәлем, таң, сәлем, күн! Сәлем, мереке және көктем! Бүкіл планета халқына Біз жақсылық тілейміз! Туған табиғат суреттерін (бейнематериалдарды) қарау. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	Психогимнастика «Қазақстан - туған елім, Біз сені өте жақсы көреміз. Тенің, тауларды, кең даласын - бұл менің Отаным! Қазақ халық костюміндегі қуыршақты қарау (балалар түстерді атайды), (басқа ұлттық костюмдердегі қуыршақтар). Мақсаты: балалардың ұлттық киім туралы білімін бекіту. «Тақия» халықтық ойыны. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	Психогимнастика Қазақстан - туған елім, Біз сені өте жақсы көреміз. Тенің, тауларды, кең даласын - бұл менің Отаным! Апта өлені Менің жерім! Менің Қазақстаным! Мен сенің кеңдіңді жақсы көремін, Сенің шексіз даланды, Төбелер мен тауларды. (Сөйлеуді дамыту + көркем әдебиет)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Өнегелі 15 мин. «Күн режимі» тақырыбындағы жеке әңгімелер	Өнегелі 15 мин. Өнегелі 15 мин. Ойын арқылы баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеуін қалай жақсартуға болатындығы туралы әңгіме.	Өнегелі 15 мин. Сыртқы келбетке назар аудару Ойын іс-әрекетіне қосылуға бастама таныту	Өнегелі 15 мин. Достық атмосферасын құру
Балалардың дербес әрекеті (қимылдық, ұлттық, сәулеттік, жетпірлік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-		«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойын Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімді бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Бұршақ патша» отырықшы ойыны Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, қимыл және мимикамен іс-әрекетті жеткізе	«Бұрын не, кейін не?» дидактикалық ойын Мақсаты: жеке есімдіктердің даму реттілігі, сондай-ақ жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімді кеңейту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Елті саусақтар» қимылды ойыны Мақсаты: қимыл	«Фигураны жина» дидактикалық ойыны Мақсаты: қандай да бір фигураны құрайтын заттардың есебін жүргізу қабілетін дамыту. (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Орын ауыстыру» қимылды ойын. Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын ояту, көңіл-	«Жетеді ме?» дидактикалық ойын Мақсаты: әр түрлі көлемдегі заттардың теңдігі мен теңсіздігін көру қабілетін дамыту, сан өлшемге тәуелді емес деген ұғымға келтіру (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Қолтырауын» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, байқауды, зейінді дамыту. (Математика + Дене тәрбиесі) «Мен жасырдым...» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту.


әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		білуді жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + Дене тәрбиесі) «Мен өзіммен жолға аламын» үстел ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	тапқырлығын, қимыл мәселесін бірлесіп шешу кезінде іс-әрекетті үйлестіру қабілетін дамыту. (Математика + Дене тәрбиесі) «Құстарды орналастыру» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	күйін көтеру, жинақылықты, зейінді, эмоциясы мен әрекетін басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдысын дамыту. (Математика + Дене тәрбиесі) «Қауымдастық» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	(Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)
Ертенгілік жаттығу		Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		«Біз Қазақстанда тұрамыз!» ситуациялық әңгіме Мақсаты: балаларды өздері тұратын ел туралы, басты назар аударарлық жерлер, Қазақстанда тұратын халықтар туралы әңгімелеуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Тату-тәтті халықтар отбасы» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды Қазақстанда тұратын түрлі халықтармен, олардың дәстүрі, ұлттық киімі, ойындарымен таныстыруды жалғастыру. (Қоршаған әлеммен танысу) «Бұрыш» ойын жаттығуы Мақсаты: жазықтыққа бағдарлау. (Математика негіздері)	«Қазақ халқының әдет-ғұрпы» әңгімесі Біз қай Республикада тұрамыз? Қазақстанда тұратын халық қалай аталады? Қандай әдет-ғұрыптарды білесіңдер? «Қазақстан халықтарының зергерлік әшекейлері» сурет қарау (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Адамдар наурызға қалай дайындалуда» ойын жаттығуы Мақсаты: Наурызды мерекелеуге дайындық туралы түсінікті кеңейту. «Үшінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: көрнекі қабылдауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)
Ұйымдастырылған іс-әрекет		1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тақырыбы:Біз де ойнаймыз Бүгін қай күн? Кеше қай күн болды? Ертең қай күн болады? Бүгін ауа райы қандай? Табиғат өзгерістерін атайық. Көктем келгенде ағаштар ерекше құлпырып өседі.	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Тақырыбы: Біз нені үйрендік? Біз нені үйрендік,нені білдік? Дыбыспен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім зерек?» –Балалар, көк, қызыл дөңгелектерді алыңдар да, үстел үстіне қойыңдар.Егер мен дауыссыз дыбысты	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Тақырыбы:Наурыз-көктем мерекесі Қазақ халқында өнер көп. Соның бірі – айтыс өнері. Айтыстың жұмбақ айтыс деген түрі бар. Бүгін Кәмшат атты қыз жұмбақ айтысуға келіп отыр.Қуыршақ	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Тақырыбы:Буынға бөлу Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат», «Саңырауқұлақ», «Алтыбақан». Осылай 10–15 рет қайталау.Балалар, бүгін бізге Жұмбақбай атай қонаққа келіпті. Кімнің атасы бар?Атаға қалай көмектесеміз?Атаны қалай құрметтейміз?Қарттар біздің ақылшымыз. Біз оларды қадірлеп күтеміз. «Қарт Жұмбақбай атайдың сендерге

	<p>Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық.</p> <p>Ағаш тамырымен, адам достарымен мықты.</p> <p>Адамға үш нәрсе көмек: шөл далалада қазылған құдық, су үстіне салынған көпір және жол бойына егілген ағаш.</p> <p>Қарағайға қарап тал өсер, Қатарына қарап бала өсер.</p> <p>Балалар, әңгіме тындағанды ұнатасындар ма? Тақтаға әңгіме мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа шыршаның, екінші топқа қайыңның сөзін тәрбиешінің соңынан қайталап отыруды ұсынады.</p> <p>Тәрбиеші Мәдіхат Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып беру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата»</p> <p>Шарты: ойынды тәрбиеші бастап, бір сөзді айтады. Сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.</p> <p>Тәрбиеші: Шырша... арша... Үлестірмелі материалмен жұмыс. Қайың жапырақтағының бірін көктем мезгіліне, екіншісін күз мезгіліне сәйкес боя.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Математикалық және интеллектуалды-шығар</p>	<p>айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіндер.</p> <p>Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-.</p> <p>Сөзбен жұмыс. «Сөзді өлшейік» дидактикалық жаттығуы</p> <p>– Алақандарыңды үстел үстіне қойыңдар, енді сөзді айта бастағанда алақанның арасын аша түсеміз. Алақанның арасы жақын болса, онда біз қысқа сөз өлшедік, ал алақанның арасы алшақ болса, онда ұзақ сөз өлшегеніміз. Мысалы: көз, жаз, кітапхана, дәріхана т.б.</p> <p>«Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Тәрбиеші лақ, алма, тал сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, -л- дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты көк түспен бояйды. Буынмен жұмыс «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны</p> <p>– Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді</p>	<p>Кәмшат келеді. Үнтаспадан Кәмшаттың даусы қосылады.</p> <p>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің атым – Кәмшат. Менің бүгін ұлттық киім киіп келгенім тегін емес. Себебі жақында Наурыз мерекесі болады. Мен жұмбақ жасырамын, жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда, мен келесі жұмбаққа көшемін.</p> <p>Ішіне адам батпайды, Затыңды аман сақтайды. (Сандық)</p> <p>Дәмді-дәмді тағамдарды жинайды,</p> <p>Қонақтарды көңілдене сыйлайды. (Дастарқан)</p> <p>Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)</p> <p>Енді мен Наурыз мерекесі туралы айтып берейін.</p> <p>22 наурыз күні біз Наурыз мейрамын тойлаймыз. Шығыс күнтізбесі бойынша наурыз айы – жыл басы болып аталады.</p> <p>Наурыз мерекесін бүкіл халық тойлайды. Ұлыстың ұлы күні, күн мен түннің теңелетін кезі. Мал төлдеп, қозы-лақтар ойнап, табиғат оянатын кез. Ата-бабамыз осы мерекені ауыл-ауылда тойлап, қазақтың ұлттық ойындары ойналады. Кең дастарқан жайылады. Алтыбақан құрылып, той- думан болады. Қазақша күрес, бәйге, көкпар</p>	<p>әкелген тапсырмасын, кәне, қалай шешеміз?» – деп, атайдың қоржынынан асықтарды алғыз арқылы балаларға тапсырмаларды орындату. Балалар, алған асықтарыңда сандар жазылған. Сол сандардың реті бойынша суретпен жұмыс жасаймыз. Тәрбиеші қоржыннан шыққан суреттерді тақтаға іледі.</p> <p>1-ші номерде қарбыз суреті екен. Қарбыз қайда өсетінін анықтап алайық. Бақта ма әлде бақшада ма? Қарбыз сөзін бөліп айтайық. Нешеге бөлінді?</p> <p>Қар бөлігі – бірінші буын, быз бөлігі – екінші буын. Қарбыз неше буыннан тұрады екен, әр буынның анықтап айтыңдар. Қарбыз сөзі екі буыннан тұрады екен, өйткені «а», «ы» дыбыстары – дауысты дыбыстар. Яғни екі дауысты дыбыс, екі буынды құрайды. Тәрбиеші балалармен күнбағыс, қызылша, картоп, қуыш, қияр сөздерін буындарға белгізіп, жұмыс жасайды.</p> <p>«Жемістерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.</p> <p>Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар.</p> <p>Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам жеміс ойлап, буынға бөлу. Қай бала анықталып, мадақталады.</p> <p>Мысалы: Ал-ма, ал-ша, а-нар, ал-мұрт, жу-зім, ө-рік, ба-нан, а-на-нас, ши-е, а-пель-син, манда-рин т.б.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Қанша буын болса, тиісті цифрмен қос. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық</p>
--	--	---	---	---

	<p>машылық қабілеттіліктің алғы шарттары көрінуіне ықпал ету</p> <p>Тақырыбы: Геометриялық фигуралар және денелер</p> <p>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым ойнауға шақырады.</p> <p>«Фигураны тап» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші балаларға бөлмеде текше, шар, цилиндр формалары бар заттарды табуды ұсынады. Балалар фигураларды атаған кезде, одан сол пішіндес заттарды көрсетуді сұрайды. «Мен кімін?» дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойыншылардың саны 2-ден 4-ке дейін болатындай етіп балаларды жұптарға немесе топтарға бөледі. Ойынның мақсаты: балаларға денелерді тануға және ажыратуға көмектесу текше, шар және цилиндр. Ойын барысы: Ойынды ережелерді түсіндіріп, текше, доп және цилиндр үлгілерін көрсетуден бастау керек. Фигураны жұмбақтап және оны қолында жасыратын бір ойыншыны таңдайды.</p> <p>Қалған ойыншылар бірінші ойыншы жасаған фигура туралы сұрақтар қоюы керек.</p> <p>Мысалы: «Мен домалай аламын ба?», «Менің қабырғаларым бар ма?», «Менің кию кезінде дөңгелекке ұқсаймын ба?» және т.б. сұрақтарды қояды. Ойыншылар жеткілікті сұрақтар қойғаннан кейін, жұмбақты жасырушы ойыншы</p>	<p>шапалақ ұру арқылы буынға бөлесіндер. Мысалы: <i>Та-па, ал-ма, бал, тап, сыз-ғыш, кі-тап, қам-шы, ер, қол, қу-ыр-шақ, құс, та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-қу, т.б.</i> «Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны</p> <p>– Мен сендерге сөздерді окимын, егер сөздердауысты дыбыстан басталса, қызыл дөңгелекті, дауыссыздан басталса, көк дөңгелекті көтеріңдер. Мысалы: <i>банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта, шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.</i></p> <p>Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс. «Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны</p> <p><i>Тәрбиеші алаша, түн сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі.</i></p> <p>– Орындарында тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>Түстерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос. Суреттегі заттарды ата. Құрамында [а] дыбысы кездесетін заттардың суретін белгіле. Сөйлем құрап, сызбасын сыз. Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p><i>(графикалық жұмыс)</i></p>	<p>сияқты ұлттық ойындар ойналады. Жеті тағамнан наурызкөже пісіледі. Жұрт бірін-бірі құттықтап, жақсылық тілейді. Міне, Наурыз мерекесінің ерекшелігі осылар.</p> <p>Сөздік жұмысы: <i>наурызкөже</i> – жеті түрлі дәмнен пісірілетін ұлттық тағам. Тәрбиеші қуыршақ Кәмшатты отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі. Наурыз мейрамы қай мезгілде тойланады? Бұл тойды қалай өткізесіңдер? Үйде наурызкөжені кім пісіреді? Оған не қосылады? Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата» Шарты: сұраққа жедел жауап қайтару. Тәрбиеші топ сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала сол айтылған көп сөздің бір сөзбен қалай атала тындығын айтып, допты кері тәрбиешіге лақтырады. Мысалы: Өрік, шие, алмұрт – жеміс. Түлкі, қоян, қасқыр – ...<i>(жануарлар)</i></p> <p>Сүт, май, ет – ...<i>(мал өнімі)</i></p> <p>Бет, мұрын, аяқ<i>(дене мүшелері)</i></p> <p>Қауын, қарбыз, сәбіз<i>(көгініс)</i></p> <p>Үйрек, қаз, тауық – <i>(құстар)</i></p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Міндеттері: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру</p> <p>Тақырыбы: Геометриялық фигуралар және денелер</p> <p>Ойындық жағдаят. Әлия мен</p>	<p><i>жұмыс</i>) Суреттерді штрихта. Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p>2. Көркем әдебиет</p> <p>Міндеттері: Баланың басқа құрдастары мен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p>Тақырыбы: Әже</p> <p>Біз кім туралы такпақ айттық? <i>(Әже туралы)</i> Әже қандай адам? Әженің есімі кім? Әжен сені қалай еркелетеді? Тәрбиеші балалардан жақында қандай мереке келе жатқанын сұрайды. Көктемнің ең алғашқы мерекесі – аналар, әжелер, қыздар мерекесі.</p> <p>Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз. Тәрбиеші өлеңді мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді. Өлең мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>: Өлең авторы кім? Өлең кімге арналған? Әже баланы қалай оятады? Әже қандай киім киеді? Бала әжесіне қандай тілек тілейді? – Сен әжеңе қандай сөздер айтар едің? Сөздік жұмысы: <i>кимешек</i> – әйел адамның ұлттық бас киімі. <i>Жаулық</i> – кимешектің сыртынан тартатын орамал.</p> <p>Біз балдырған баламыз, <i>(Өздерін көрсетеді)</i></p> <p>Өсіп-өніп толамыз <i>(Екі қолын жоғары-төмен қозғайды)</i> Күнге қарай талпынып, <i>(Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)</i> Көкке қолды созамыз. <i>(Екі қолды алға созады)</i></p> <p>Үлестірмелі материалмен жұмыс. Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр? Сен әжеңе қалай көмектесер едің? Әжене сыйлайсың? Суретін сал. Есінде</p>
--	--	---	--	---

	<p>фигураны көрсетіп, оны атайды. Егер ойыншылар фигураны дұрыс тапса, онда жұмбақ жасырушы ойыншы фигураны қалған ойыншылардың біріне береді және ол келесі фигураны жұмбақтап айтады. Егер ойыншылар фигураны таппаса, онда жұмбақты жасырушы ойыншы оны өзіне қалдырады және ойынды жалғастырады. Ең көп фигурасы бар ойыншы жеңіске жетеді.</p> <p>«Маймыл» сергіту сәті. Таңмен бірге, алаңқайда шапалақты ұрамыз. (Шапалақ ұру.) Маймылдардың ойыны бұл, олар көңіл көтереді, Қараймыз, мойынды оңға бұрамыз. (Мойындарын оңға бұру.) Көкке сермен, қолдарын биікке олар көтереді (Қолдарын жоғары созу.) Қараймыз, мойынды солға бұрамыз. (Мойындарын солға бұру.) Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Геометриялық денелердің әр түрін сана. Қажетті цифрды қоршап сыз. Содан кейін олар бір-біріне нөмір береді. Олар жұптасып фигураларды санауға көмектеседі. №2 тапсырманы орындамас бұрын тәрбиеші колдын моторикасын дамытуға арналған жаттығуды ұсынады: «Саусақ кадамдары»: балалар</p>	<p>Штрихта. Бастыр.</p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау Тақырыбы: Көктемнің сәні <i>Ғажайып жағдаят</i> Балалар, қарандаршы, бүгін біздің сиқырлы қоржынымыз үлкейіп кетіпті. Оның ішінде не бар екен? Қоржыннан ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын алып, көрсетеді. Оларды атап, қимылын, дауысын, жүрісін салуды ұсынады. Осы аңдардың ішіндегі ең батылы, үлкені қай аң? (Арыстан) Арыстан бір күні барлық аңдарды жинапты. Не үшін жинағанын біз «Көктемнің сәні» ертегісінен білеміз. Ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. Сөздік жұмысы: <i>нөсер</i> – қатты жауатын жаңбыр. <i>жасыл желек</i> – жасыл өсімдіктер. Ертегінің мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>: Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? Арыстан аңдарды не үшін жинады? Қандай аңдар жиналды? Арыстан қандай сұрақ қойды? Аңдар не деп жауап берді? Елік дұрыс айтты ма? «Көктемнің сәні» – гүл,</p>	<p>Сырым ойнауға шақырады. «Сапқа тұр» дидактикалық ойыны. 1–10 сандары бар карточкаларды таратады. Балалар қатарға тұруы керек. Басқа балалар оларға «қанша», «қай», «қайсысы» деген сұрақтар қояды. «Мен кіммін?» дидактикалық ойыны: Ойыншылардың саны 2-ден 4-ке дейін болатындай етіп балаларды жұптарға немесе топтарға бөледі. Ойынның мақсаты: балаларға текше, шар және цилиндр пішіндерін тануға және ажыратуға көмектесу. Ойын барысы: Ойын ережесін түсіндіріп, текше, шар және цилиндр үлгілерін көрсетуден бастау керек. Фигураны жұмбақтап және оны қолында жасыратын бір ойыншыны таңдайды. Қалған ойыншылар бірінші ойыншы жасаған фигура туралы сұрақтар қояуы керек. Мысалы: «Мен дома лай аламын ба?», «Менің қабырғаларым бар ма?», «Мен кесу кезінде шеңберге ұқсаймын ба?» және т.б. сұрақтарды қояды. Ойыншылар жеткілікті сұрақтар қойғаннан кейін, жұмбақты жасырушы ойыншы фигураны көрсетіп, оны атайды. Егер ойыншылар фигураны дұрыс тапса, онда жұмбақ жасырушы ойыншы фигураны қалған ойыншылардың біріне береді және ол келесі фигураны жұмбақтап айтады. Егер ойыншылар фигураны таппаса, онда</p>	<p>сақта. Наурызкөже жасауға қажетті азық-түлікті қазанға сызып қос. Асыл әжем, қуанышым, берекем, Өнегенің өрісі де сен екен.</p> <p>3. Қоршаған әлеммен танысу Міндеттері: Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу Тақырыбы: Менің елімнің салт-дәстүрлері «Үй сыртында қолағаш» ойыны Тәрбиеші мақалдар оқиды: Атадан бала туар, ата жолын қуар. Бабалар өмірі – ұрпаққа өнеге. Мақалдардың мағынасын қалай түсінуге болады? Ата-бабаларымыздың жақсы істерінен үлгі алып, солар сияқты еңбек ету керек. Келешек ұрпақ ата-бабалардың үлгі-өнегесін алып өседі, олардың ақылымен ержетеді. Сөздік жұмыс: ұрпақ, ата-баба. Ұрпақ – тұқым, нәсіл, келешек ұрпақ. Ата-баба – бұрынғы өткен әкелер. Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. Тақтадан қазақ халқының ежелден келе жатқан «Бесікке бөлеу» дәстүрі көрсетіледі. Анасы кішкентай баланы бесікке бөлеп, ұйықтату үшін, «бесік жырын» айтатыны айтылады. «Бесікке бөлеу» ойыны. «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген. «Тұсаукесер» дәстүрі бейнеленген суреттер. Ұлттық киімдегі кішкентай бала, апа оның тұсауын кесіп жатыр. Жасы үлкен әжей «шашу» шашып жатыр. Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре</p>
--	---	--	--	--

	<p>алдымен бас бармағын үстелге/еденге тигізеді, содан кейін – сұқ және ортанғы саусақпен жасайды.</p> <p>Жаттығу 1-ден 10-ға дейін және кері ретпен жүруі мүмкін. Үстел үстінде немесе еденде саусақтарды әрлі-берлі шапшаң жүргізеді.</p> <p>2-тапсырма. Фигураларды нүкте бойынша қайталап сал. Балалар қарындашпен нүкте лерді байланыстырады және фигураны атайды.</p> <p>3-тапсырма. Кез келген фигураны үлгіге сәйкес боя. Сапқа тұр» ойын жаттығуы.</p> <p>1–10-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар бекітілген қағаздан фигураларды таратады. Балалар қатарға тұру керек. Қалған балалар оларға «қанша», «қай», «қайсысы» деген сұрақтар қояды.</p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонация мен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдау Тақырыбы: Аулада Бота: Б-ны Ө-ге қосып, «Бө», – дейді. Лақ: М-ны Е-ге қосып, «Ме», – дейді. Қозы: М-ны Ө-ге қосып, «Мә» – дейді. Ал мен: М-ны А-ға қосып, «Ма», – деймін, «Ма-ма», – деймін, «Мама!» – деймін.</p>	<p>көбелек, құстар, Күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп» сөздерін тәрбиеші жоғары, орта, төмен дауыспен қайталайды.</p> <p>Үлестірімелі материалмен жұмыс. Суретте жиналған жануарларды ата. Арыстан жануарларды не үшін жинады?</p> <p>Жануарлар арыстанның сұрағына қалай жауап берді? Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал. Қай суреттер көктемнің сәні деген сөзге сәйкес келеді? Белгіле.</p> <p>Ертегіні сахналау. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады.</p> <p>3. Шығармашылық іс-әрекет Міндеттері: Құрастыру: Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Сурет салу: Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу Мүсіндеу: қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың</p>	<p>жұмбақты жасырушы ойыншы оны өзіне қалдырады және ойынды жалғастырады. Ең көп фигурасы бар ойыншы жеңіс ке жетеді. Пазлды жинай отырып, балалар суреттердегі заттардың қандай фигураларға ұқсайтынын айтып түсіндіреді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Затты оған ұқсайтын фигурамен сызып қос. Фигуралардың маңызды белгілерін атайды.</p> <p>2-тапсырма. Жіптен шеңбер жаса. Одан сопақша жасауға тырыс. Фигураларды салыстыр. Практикалық жұмыс.</p> <p>Тәрбиеші жіптерден шеңбер жасауды ұсынады. Содан кейін одан сопақша шығару үшін не істеу керектігін сұрайды. Фигураларды салыстыруды сұрайды.</p> <p>3-тапсырма. Фигураларды боя. Фигуралардың әр түрін сана. Қандай фигуралар тең? Ата.</p> <p>4-тапсырма. Суреттерді аяқтап сал. Шеңберді пайдаланып, өз суретінді ойластыр. «Сиқырлы қозғалыстар» ойын жаттығуы.</p> <p>Еденге шеңбер мен шаршы салады немесе оларды жіптерден жасайды (түрлі түсті жұқа жабысқақ таспамен сызықтарды жабыстырады). 1-2 баланы белгілі бір дөңгелектерге немесе шаршы ішіне орналастырып қояды. Үстіңгі және астыңғы жағына шартты белгі салады. Басқа балалар тексере алатындай етіп, балалардың қолына</p>	<p>бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», – деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шынышыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді. Балалар хормен Е. Өтетілеуұлының «Тәйтәй» өлеңін айтып, мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды. «Ашамай».</p> <p>Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істегіп, камшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы:</p> <p>«Ал ақ тілек, ақ тілек. Өнеге, өнер таба біл, Атқа тоқым сал білек. Аймағына жаға біл Атта жақсы шаба біл, Атқа міндің, ақ жол болсын!» – деп бата береді.</p> <p>Үлестірімелі материалдармен жұмыс. Ер Төстіктің пайымдауы: Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. Суретте халқымыздың қандай дәстүрі бейнеленген?</p> <p>Ер Төстікке осы дәстүр туралы әңгімеле. Суреттерге қара. «Тұсаукесер» дәстүріне қажетті заттарды қорша.</p> <p>Ер баланы алғаш рет атқа мінгізу дәстүрі қалай аталады? Ол туралы үлкендерден сұрастыр, әңгімеле. Атты ерттеуге қажетті заттарды белгіле.</p> <p>4. Дене тәрбиесі Міндеттері: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, заттардың,</p>
--	--	---	---	---

	<p>Қандай төлдер аталды? Бота не дейді? Лақ не дейді? Қозы не дейді? Үй жануарлары қайда тұрады? Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру. Балалар, мынау – аула. Мынау не? Мынау – аула. Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады). Аулада не болуы мүмкін? <i>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.</i> Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналас тырады. Аулада сиыр бар. т.с.с. Тәрбиеші үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не? Аулада тауық (әтеш) бар. Құстардың суреттерін аулаға орналастырады Мынау – қаз. Қаз – үй құсы. Мынау – ... (қаз). Қаз қандай құс? Қаз – үй құсы. Аулада қаз бар. Аулада не бар? Аулада қаз бар. Мынау – үйрек. Үй-рек. Мынау не? Мынау – үйрек. Үйрек – үй құсы. Үйрек қандай құс? Үйрек – үй құсы. Аулада үйрек бар. Аулада не бар? Аулада үйрек бар.</p>	<p>бетіне бедерлер жасау. Жапсыру: қалауы бойынша қиып жапсыру Тақырыбы: Желкенді қайық Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн бүгін! Қайырлы таң, балақай! Күліп шықты күн бүгін! – деп, балалар бір-біріне күлімсірейді. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Үтікке міндім, Теңізде жүздім. (Қайық) Ақ шатырлы бір қала, Суда жүзіп жүр дара. (Кеме) Тақтаға әртүрлі су көліктерінің суреті ілінеді (қайық, кеме). Қайық, кеме қандай көліктер? (Суда жүзетін көліктер.) – Олармен не тасиды? (Олармен жолаушыларды, жүкті тасиды.) Ғажайып жағдаят. Теңізші Максат топқа келеді. Көмек сұрайды. Максат досымен бірге теңізге саяхатқа шықпақшы болды. Бірақ олардың қайығы суға бата бастады. Тәрбиеші Максатқа теңізге саяхатқа шығу үшін қайық жасауға көмекте суге ұсынады. Үлестірмелі материалдағы «Желкенді қайық» сюжетті суретіне балалардың назарын аударады. Сурет бойынша балаларға сұрақ қояды. Қайықтың бөліктерін геометриялық пішіндермен</p>	<p>тапсырма беріп, оны тақтаға іліп қояды. Балалар жол бағытында көрсетілген қадамдарды жасайды. Егер балалар дұрыс қозғалса, қалған балалар оларға қол шалапалақтайды 3.Қазақ тілі Міндеттері: Кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру Тақырыбы: Жабайы жануарлар ТТШТ/ТРИЗ: «Бұл қандай жабайы жануар?» берілген</p>  <p><i>суреттерден білетін жабайы жануарларды сипаттап табу.</i> Мынау қандай жабайы жануар? Мынау – қоян. Бұл қоянның құлағы. Мынау – қасқыр. Бұл қасқырдың аяғы. Мынау – аю. Аюға бал ұнайды. Мынау – түлкі. Бұл – түлкінің құйрығы. Кима материалдармен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру Мынау – арыстан. Мынау не? Мынау – арыстан. Арыстан үлкен. Арыстан қандай? Арыстан үлкен. Мынау – жолбарыс. Мынау не? Мынау – жолбарыс.</p>	<p>кегельдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; Тақырыбы: Қазақстан халқының ұлттық ойындары. «Затты тауып айт» ойын жаттығуы. Қоржынды іздеп табады. Асықтарды зерттеп, сипаттап, асықтың түсу түрлерін атап айтады (алшы, тәйке, бұқ, шік). Асық ойыны жайлы, оның Азияда таралуы жайлы тарихқа көз жүгірту. Дөңгелене тұрып «Асық алу» қимыл-қозғалыс ойынын ойнайды. Алдымен дөңгелене айналып, шашырап жүреді. Тәрбиеші «Асық ал!» – деп белгі бергенде ортаға ұмтылып, асықтарды алуға тырысады. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау: «Қазан» – асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру. (4 рет). Бастапқы қалыпта аяқтары иық енінен кеңірек, оң аяғы аздап артқа таман, оң қолы кеуде тұсына қойылады. Асық ату кезінде оң қолы барынша төмен-артқа қайырылып, сосын алдыға-жоғары серіліп қозғалады. Негізгі қимылдарды орындайды. Құрсауларды айналып тұрып (4 шеңберді 3 м қашықтықтан айналып тұрады), асықтарды ортаға лақтырады. Шеңберге «қазанға» түсірген асығына байланысты жеңімпаздар анықталады. «Малдас құрып отырған қалыптан» асықтарды лақтырып, қағып алу. Алақанын ауыстырады. Көрпешелерге малдас құрып отырады. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Алақанын дөңгелетіп қояды. Келесі лақтырғанда алақанын сыртымен айналдырып қояды. «Шабандоз» Ойыншы-шабандоз санау біткенше қамшымен жерден тақияны</p>
--	---	--	---	--

	<p>Мынау – күркетауық. Күр- ке- тау- ық. Мынау не? Мынау – күркетауық. Күркетауық – үй құсы. Күркетауық қандай құс? Күркетауық – үй құсы. Аулада күркетауық бар. Аулада не бар? Аулада күркетауық бар. Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді. Балалар мәтінді қайталайды. Ойын: «Жалғастыр». Тәрбиеші бастайды, балалар аяқтайды. Үй жануарлары не жейді? Үй жануарлары ... жейді. Мысық нені жақсы көреді? Мысық ... жақсы көреді. Мысыққа сүтті кім береді? Адамдар мысыққа ... береді. Адамдар құстарға жем береді. Адамдар құстарға не береді? Адамдар құстарға ... береді. (Жем сөзін айтып жаттығады). Таныс сөздерді атау: қой, сиыр, түйе, ешкі, жылқы, бала. Мамаларың сендерді не деп еркелетеді? (Балалардың жауаптары). Мен ботаканым, құлыным, қозым – деп еркелетемін. Ата-әже, аналар балаларын осылай еркелетеді. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретке кара. Аулада нелер</p>	<p>салыстыру жұмысын жүргізеді. Қайық қандай геометриялық пішіндерден тұрады? Желкені неге ұқсайды? Тәрбиеші жапсыру ретін түсіндіреді. Шаршыларды үшбұрышты етіп қию және екіге бүктелген қағаздан бейнелерді қию тәсілдерін қолданып қайықтың бөліктерін қиып аламыз. Қиып алған бөліктерді желімдеп жапсырамыз. Балалар шығармашылығы. 4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Ересектің белгісі мен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру Тақырыбы: Менің достарымның ойыны. Табанына арналғын түзету жаттығуларын орындау: аяқ басымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі қырымен, сыртқы қырымен жүру. Қысқа, алшақ аттап жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары. (Е. Жуйков) 30 сек интервалмен көзді қатты ашып-жұмуды 5–6 рет қайталау. 2–3 сек көзді айналдыру. 3–4 рет. 1–2 мин ішінде тез-тез жыпылықтау. 30–40 сек алысқа қарап тұру, көзді 25–30 см қашықтықта тұрған саусақтың ұшына ауыстыру (3–5 сек) 3–5 рет. Екі қолдың үш саусағымен әр</p>	<p>Жолбарыс үлкен. Жолбарыс қандай? Жолбарыс үлкен. Мынау – піл. Мынау не? Мынау – піл. Піл ең үлкен жануар. Піл қандай жануар? Піл ең үлкен жануар. Мынау – керік. Мынау не? Мынау – керік. Керіктің мойны ұзын. Керіктің мойны қандай? Керіктің мойны ұзын. Мынау – маймыл. Мынау не? Мынау – маймыл. Балалар жана сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). I-i-i-i- піл-піл- піл. I-i-i-i – керік – керік – керік. Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: тәрбиеші орыс тілінде жануарларды атайды, балалар қазақ тіліне аударды: лев, тигр, обезьяна, слон, жираф, медведь, дикие животные. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суреттерге кара. Жабайы жануарларды ата. Не артық? Қорша. Не көріп тұрсың? Ата. Арыстанды боя. Жаңылтпаш жаттау. Ойын: «Дауысынан таны»: ұлтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, ажырату. Арыстан Арысқа Барса да,</p>	<p>көтеріп алуы керек. Жүргізуші шақырады: «Ау, жігіттер, келіңдер!» Күш сынасып көріңдер! Тақияны алыңдар. Шауып келіп кідірмей, Күміс тенге алыңдар! Ер тоқымнан айрылмай, Шапқан атқа мініңдер! Ат астынан өте шығып, Бірінші боп келіңдер! Жеңіп ойнақ салыңдар, Бас жүлдені алыңдар!» Өз күшін көрсеткісі келген ойыншы жауап береді: «Бір, екі, үш, Жастар алып күш! Тенгеге дәл тигізіп, Тақияны аламыз! Біз – жігіттер қалмаймыз, Арғымақпен шабамыз! «Бір, екі, үш, Жастар алып күш!» Ойыншы-шабандоз санау біткенше камшымен жерден тақияны көтеріп алуы керек. Релаксация: «Дала әуендері». Малдас құрып, дөңгелене отырады. Ұлттық әуендерді тыңдап, көздерін жұмып, дала көріністерін елестетеді. «Дұрысын көрсет!» ойын жаттығуы.</p>
--	---	--	---	---

	<p>болады? Шағын мәтін құра. Сурет кара. Сәуле мен Арман не істеді? Сөйлем құра. Ж. Смақов. Кішкентай әліппе</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айту Такырыбы: Домбыра сазы. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Бір бала ортаға шығып, түрлі қимылдарды көрсетіп тұрады, балалар айнаның көрсеткен қимылдарын музыкаға ілесіп жасайды. <i>Музыка тыңдау:</i> «Келіншек» халық күйі (өңдеген Б. Дәлденбай). Балаларға күй мағынасын түсіндіру. Өлеңге қоспай-ақ әуенмен түрлі оқиғаларды суреттеуге болатынын түсіндіру. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. <i>Ән айту:</i> «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев). Елдің жырын жырлаған, Қайғысын да толғаған, Домбырасыз ешқашан Жүрекке</p>	<p>көздің үстіңгі жағын ақырындап 1-2 сек басып тұру (3-5 рет) Бір қолын алдыға, мөлшері беттің орта тұсына созып ұстау. Қолынан көз алмастан оны мұрнына қарай жақындату (3-4 рет) «Арқаннан секіру» (6 рет). Арқанды біресе тез, біресе ақырын, ойыншылардың біріне тигізу үшін шатастырып айналдыру. Арқанның аяғының астынан өту сәтінде, жүргізушінің алдағанына көнбей, секіріп немесе қашып үлгеруге тырысады. «Аңшылар» (6 рет). Балалардың назарын ұшып келе жатқан доптан қаша білуге, ол үшін түрлі тактикаларды қолдана білуге, шапшаң қимылдауға аударту. Балалар екі топқа бөлінеді. «Қасқырлар» диаметрі 4 м шеңбердің ішінде жүреді. «Аңшылар» оларды шеңбердің сыртында тұрып, доппен атып алуға тырысады. Барлық аңшы қолындағы доптарымен атып біткенде, шеңберде қалған қасқырларды санап, оларға ұпай беріледі. Енді олар орын ауыстырады. Көп ұпай алған команда жеңіске жетеді. «Тосқауыл» (4 рет) Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңберге бөлініп тұрады. Екі шеңбер екі бағытта жүреді. Кенет екі</p>	<p>Арыстан ары Алысқа бара алмайды.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту Такырыбы: Көктем әндері Ұйымдастыру кезені Көңілді әуенмен музыка залына келіп, жеңіл әуенмен жүгіру, жай жүру. Негізгі кезең <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Сулар ағып жылғадан, Құстар әнін жырлаған. Бұлт айдары желбірейді, Бұл мезгілді қалай дейді? Балалармен көктем туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу. Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу. Тақтада көктем көріністері, жыл құстары туралы суреттер көрсету. <i>Музыка тыңдау:</i> «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович). Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер</p>	
--	---	--	--	--

		<p>ем конбаған, –деп халқымыз қасиет тұтқан аспап туралы әнді И. Нүсіпбаев ағамыз жазған.«Анашым» (Е. Хасанғалиев) әнінің сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. <i>Билер:</i> «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Би өте көңілді, жеңіл, ойнақы биленеді. <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Қос дабыл» (А. Райымқұлова). Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Ұйықташы, бөпешім»</p>	<p>шеңбер де күрт тоқтайды да, ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып«қакпа» жасап тұрады. Сыртқы шеңбердегі балалар оларды айналып жүре бастайды (шеңберден бір шығып, бір кіріп жүреді). Белгі бойынша ішкі шеңбер қолдарын шұғыл төмен түсіреді (қакпа жабылады). Шеңберден шығып үлгермей, іште қалған ойыншылар ішкі шеңберге қосылады. Ойын жалғаса береді. Екі топтың орнын ауыстырып қайталау. «Ине-жіп»Бір-бірден тізбек пен бұралаңдап (ирелендеп) жүру. Жүріп келе жатып, бағытты өзгертуге назар аударту – геометриялық фигуралар түрінде көрсету: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ.</p>	<p>табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. <i>Ән айту:</i> «Көктем» (Д. Гусинцев).Тәрбиеші әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.Бұл әнде құстардың қайтуы, өлкенің жанаруы көтеріңкі көңіл күймен жырланады. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. <i>Билер:</i> «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).Өткен сабақта үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастырып, биді таза үйлесімді билеуге талпыну. Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау. <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).</p>	
Серуенге дайындық		Өз бегінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту	"Көшедегі мінез-құлық ережелері" ситуациялық әңгімесі	Серуенге деген қызығушылықты қалыптастыру Жолдасына көмектесу

		кою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту.			
Серуен		<p>Мұзсүңгіні бақылау Мақсаты: судың қасиетімен, оның әртүрлі күйімен таныстыру; логикалық ойлау, эрудиция, эмоционалды саланы дамытуға ықпал ету. Еңбек қызметі: бөлме өсімдіктерін суару үшін еріген суды жинау. «Біз тамшылаймыз», «Жанды лабиринт» кимылды ойыны Мақсаты: қос қатарды құруға, кең шеңбер құруға үйрету; ұжымдық іс-әрекеттің үйлесімділігін, реакция жылдамдығы мен тапқырлықты үйрету. Жеке жұмыс Қимылды дамыту Мақсаты: тепе-теңдікте кимылды орындау кезінде өзін-өзі сақтандыруға үйрету; төзімділікті дамыту (Қоршаған әлеммен танысу + Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Балабақша учаскесінде құстарды бақылау Мақсаты: құстарды қауырсыны, өлшем, дауыс бойынша ажыратуға үйрету; байқауды, есте сақтауды дамыту; құстарға эмоционалды оң көзқарасты тәрбиелеу. Еңбек қызметі: құстарға жем беру. «Ұстап ал-лақтыру» кимылды ойыны Мақсаты: допты кеудеге тигізбестен ұстауға үйрету; айтылған сөздердің ырғағына сәйкес мұғалімге екі қолмен дәл лақтыру. «Салки» кимылды ойыны Мақсаты: әр түрлі бағытта қозғалуға, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. Өзіндік ойын әрекеті (Қоршаған әлеммен танысу + Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Еріген қардың пайда болуын бақылау Мақсаты: көктемнің белгілері туралы түсініктерді кеңейту. Күн сайын көктемгі қардың арасында ала қар пайда болады. Күн сәулесі жерді қыздырып, қарды ерітеді. Ала қардың қай жерде пайда болуы мүмкін екенін белгілеу: күн жағында ма немесе көлеңкеде ме. Қара ала қар – бұл буланған, ылғалды ала қарлы жер. Еңбек қызметі: ғимараттардан қар тазалау. «Кімнің ұсталғанын тап» кимылды ойын Мақсаты: байқауды, белсенділікті, бастаманы дамыту. «Біз көңілді балалар» кимылды ойыны Мақсаты: ауызша сигнал бойынша кимылды орындау қабілетін дамыту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Наурыз – көктем айы» әңгімесі Мақсаты: ерте көктемде балалардың табиғат туралы білімдерін байыту және нақтылау; балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Еңбек қызметі «Серуендеу» дидактикалық ойыны Мақсаты: көктемде киімді топтау. «Лақтыру-ұстау» кимылды ойыны Мақсаты: доппен ойнау. Балалардың қалауымен кимылды ойын. «Аяқ киімнің бауын байла» ойын жаттығуы Мақсаты: балалардың өзіндік іс-әрекетін дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + Дене тәрбиесі)</p>
Серуеннен оралу		<p>Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну әдістерінде жаттығуды жалғастыру: жеңді тұру, қолды сабынмен сабындау, қолды жуып болғаннан кейін суды сарқу. Өзіндік ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>Ретімен шешіну. Шкафтардың реттілігін тексеру (Киім-кешек)</p>	<p>Серуеннен алған әсерімен бөлісу.</p>	<p>Серуендеу туралы эмоционалды жауап (Не есте қалды?) Серуенде не ұнамады?)</p>